



Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Орман және аңшылық шаруашылығы
комитетінің
2011 жылғы «17» тамыз
№ 238 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Орман және аңшылық шаруашылығы
комитетінің

2011 жылғы «17» тамыз
№ 238 бұйрығымен тіркелген

МЖП-04

(ЕҚТА тіркеу нөмірі)

«Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватының
(ерекше қорғалатын табиғи аумақтың атауы)

ПАСПОРТЫ



2011 жыл

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың атауы, оның түрі мен санаты.
Республикалық маңызы бар «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ құрылған немесе кеңейтілген мемлекеттік орган актісінің атауы, нөмірі және қабылданған күні.

«Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты» мемлекеттік мекемесін құрудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 ақпандағы № 119 қаулысы.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 ақпандағы № 119 және 2006 жылғы 10 қазандағы № 1074 қаулыларына өзгертулер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 шілдедегі № 763 қаулысы

3. Қарамағында ерекше қорғалатын табиғи аумақ бар мемлекеттік органның атауы.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті

4. Заңды мәртебесі жоқ ерекше қорғалатын табиғи аумақты қорғау жүктелген ұйымның атауы – жоқ

5. Туристік инфрақұрылымы, шекарасының сипаттамасы, географиялық координаттары, аумағының көлемі және күзет аймағы көрсетілген карта-схемасы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтың орналасқан жері:

5.1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың орналасқан жері.

«Ақжайық» мемлекеттік табиғи Атырау қаласы мен Атырау облысы Махамбет ауданының аумағында орналасқан.

Заңды мекенжайы: Атырау қаласы, Владимирская көшесі, 102 үй.

5.2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ шекарасының сипаттамасы.

«Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты шекарасының географиялық координаттары

Махамбет ауданы					
Нүкте №	Румбалар	Ұзындық өлшемі	Ішкі бұрыштар	Координаттар	
				X	Y
161	СШ: 63.435	1188,24	200,660	47°3'3.79"	51°25'25.89"
162	СШ: 79.508	1535,97	163,930	47°3'20.80"	51°26'16.38"
163	СШ: 76.791	377,40	182,720	47°3'29.58"	51°27'28.02"
164	СШ: 89.979	2852,64	166,810	47°3'32.30"	51°27'45.45"
165	СШ: 31.008	543,17	238,970	47°3'31.77"	51°30'0.62"
166	СШ: 16.439	335,74	194,570	47°3'46.78"	51°30'14.02"
167	СШ: 20.556	225,52	175,880	47°3'57.19"	51°30'18.62"
168	СШ: 24.34	243,35	176,220	47°4'4.01"	51°30'22.44"
169	СШ: 38.686	168,59	165,650	47°4'11.17"	51°30'27.26"
170	СШ: 53.78	190,93	164,910	47°4'15.41"	51°30'32.29"
171	СШ: 66.54	328,02	167,240	47°4'19.03"	51°30'39.63"
Атырау қаласы					
41	СШ: 14.782	2057,97	188,580	46°48'57.32"	51°37'32.00"

42	СШ: 22.002	4046,34	172,780	46°50'1.61"	51°37'57.53"
43	СШ: 37.133	2909,01	164,870	46°52'2.70"	51°39'10.53"
44	СШ: 37.266	1654,70	179,870	46°53'17.31"	51°40'34.38"
45	ОШ: 64.646	1193,17	101,910	46°53'59.67"	51°41'22.25"
46	СШ: 56.28	1615,36	239,070	46°53'42.81"	51°42'12.97"
47	СШ: 38.079	980,93	198,200	46°54'11.45"	51°43'16.83"
48	СШ: 77.771	275,40	140,310	46°54'36.28"	51°43'45.74"
49	3	0,01	347,770	46°54'38.08"	51°43'58.49"

«Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты аймағының «буферлік аумағының» құрылық бөлігін айнала белгіленген «қорғау аумағының» шекарасы.

Жайық өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан «Ақжайық» МТР аймағының «қорғау аумағының» шекарасы.

Бірінші межелік нүкте Жайық өзені мен кіші «Дамбы өзегінің» қиылысында орналасқан, одан әрі «қорғау аумағының» шекарасы солтүстік-шығысқа «Яйцкий» каналының сол және оң салаларын қиып өте, және 5,2 км өткеннен кейін, 2 межелік нүктеге жетеді, 2 межелік нүктеден шекара соғылған дамбының бойымен солтүстікке қарай 5,2 км жүріп отырып, 3 межелік нүктеге жетеді, «Каменный» шатқалы арқылы соғылған дамбының бойымен жалпы 5,2 км солтүстік-шығыс бағытқа қарай 4 межелік нүктеге жетеді, «Атырау қаласы әуе жайының локаторынан» шекара солтүстік батыс бағытта қара жолмен 4,5 км жүргеннен кейін «Қара» өзегінің өтпе тұсында 5 межелік нүктеге жетеді. 5 межелік нүктеден шекара «Қара» өзегінің оң жақ жағалауымен оңтүстік батыс бағытта «Қара» өзегінен өтер тұста 6 межелік нүктеге жетеді, 5 пен 6 межелік нүктенің арасы 4,5 км құрайды. 6 межелік нүктеден шекара «Қара» өзегінің оң жағалауымен, жайдақ жолмен жалпы солтүстік батыс бағытта 4,5 км жүргенде «Қара» өзегінен өтер тұста 7 межелік нүкте орналасқан жерге жетеді. 7 межелік нүктеден оңтүстік батыс бағытта 9,7 км «Қара» өзегінен өтер тұста 8 межелік нүкте орналасқан. Одан әрі жайдақ жолмен солтүстік батыс бағытта «Ащысай» каналынан өтер тұсқа 2,6 км жерде 9 межелік нүктеге келеді. 9 межелік нүктеден шекара 6,5 км оңтүстік бағытта «Туманный» каналында орналасқан 10 межелік нүктеге жетеді, одан әрі осы бағытта «Шәлік» шатқалына дейін 3,9 км жүре отырып, оңтүстік батысқа қарай кетеді, содан оңтүстікке қарай 13,3 км жүріп 11 межелік нүктеге келеді.

Жайық өзенінің оң жағалауындағы «қорғау аумағының» координаттары

Межелік нүктелердің №	N	E
1	46°57'14''	051°18'24''
2	47°00'15''	051°44'26''
3	47°01'19''	051°42'20''
4	47°06'08''	051°46'52''
5	47°07'07''	051°43'50''
6	47°06'40''	051°40'18''
7	47°06'49''	051°39'28''
8	47°07'25''	051°36'56''
9	47°06'02''	051°33'38''
10	47°06'14''	051°29'39''
11	46°57'23''	051°44'07''

Жайық өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан «Ақжайық» МТР аймағының «қорғау аумағының» шекарасы.

Бірінші межелік нүкте «Пешной» жарты аралының оңтүстік батысын ала 650 м жерде орналасқан, шекара одан әрі солтүстік шығыс бағытта «Пешной» жарты аралында орналасқан метеостанция орналасқан жерге дейін, яғни 2 межелік нүктеге жетеді. 2 межелік нүктеден қорғау аумағының шекарасы 0,2 км асфальт жолмен «Пешной» жарты аралынан жайдақ жолмен шығар жердегі 3 межелік нүктеге келеді, одан әрі шекара солтүстік шығыс бағытта «Приморский» каналынан өтетін көпірге дейінгі 1,3 км жердегі 4 межелік нүктеге, көпірден әрі каналдың сол жағалауымен 650 м оңтүстік шығыс бағытта, одан әрі солтүстік шығысқа қарай бұрыла, 1,6 км жүре отырып, ағыссыз каналдың оң жақ жағалауына шығып, осы жағалаумен 650 м солтүстік батыс бағытта ағыссыз каналдағы көпірге дейін жүре отырып, Дамбы поселкесінен «Пешной» жарты аралына баратын жолдағы 5 межелік нүктеге келеді. 5 межелік нүктеден шекара қара жолмен 2,6 км солтүстік шығыс бағытқа жүргенде, соғылған дамбымен қиылысқан жерде 6 межелік нүкте орналасқан. Одан әрі соғылған дамбымен шекара жалпы шығыс және солтүстік шығыс бағытта 14,3 км жерде «Зарослый» каналының соғылған дамбымен қиылысқан жерінде 7 межелік нүктеге келеді. 7 межелік нүктеден «Зарослый» каналының сол жақ жағалауында 8 межелік нүкте орналасқан. Шекара «Зарослый» каналының сол жақ жағалауымен 1 км 950 м оңтүстік-шығыс бағытта валмен қиылысқанға дейін, содан солтүстік шығысқа қарай 1,3 км жүріп, 9 межелік нүктеге келеді, одан әрі қара жолмен оңтүстік – шығыс бағытта 9,1 км жүріп, содан кейін оңтүстікке қарай 10,4 км жүргеннен кейін 10 межелік нүктеге келіп тоқтайды.

Жайық өзенінің сол жағалауындағы «қорғау аумағының» координаттары

№	Широта (N)	Долгота (E)
1	46°54'18"	51°40'28"
2	46°54'34"	51°40'42"
3	46°54'34"	51°40'48"
4	46°55'02"	51°41'32"
5	46°54'86"	51°48'84"
6	46°54'57"	51°42'70"
7	46°55'37"	51°42'30"
8	46°56'31"	51°44'06"
9	46°57'13"	51°53'18"
10	46°57'15"	51°53'21"
11	46°57'49"	51°54'16"
12	46°47'23"	51°59'35"

5.3. ЕҚТА жалпы алаңы – 111500 га.


5.4. ЕҚТА қорғау аймағының алаңы – 29346 га.

Атырау облысы әкімінің қаулысы №108. 07.04.2011 ж.

5.5. ЕҚТА инфрақұрылымы көрсетілген ЕҚТА карта-схемасы қоса беріледі.

ИНФРАСТРУКТУРА ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРИРОДНОГО РЕЗЕРВАТА "АКЖАЙЫК"

Масштаб 1:65000



6. Олардың сандық және сапалық сипаттамасымен бірге ерекше қорғалатын табиғи аумақтағы мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесі Паспортқа 1-қосымшада келтірілген..

6.1. «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватының өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің жай-күйін айқындайтын индикаторлық түрлер:

6.1.1. Өсімдіктер:

№ п/п	Орысша атауы	Латынша	Қазақша атауы
<i>Суда өсетін өсімдіктері</i>			
1	Тростник южный	<i>Phragmites australis.</i>	Қамыс
2	Клубнекамыш морской	<i>Bolboschoenus maritimus</i>	Теніз өлеңшөбі
3	Рогоз узколистный	<i>Typha angustifolia</i>	Айыл қоға
4	Рогоз широколистный	<i>Typha latifolia</i>	Май қоға

5	Рдест пронзеннолистный	<i>Potamogeton perfoliatus</i>	Орам жапырақ шылаң
6	Рдест злаковый	<i>Potamogeton gramineus</i>	Ала жапырақ шылаң
7	Орех казахстанский	<i>Trapa kasachstanica</i>	Сужаңғақ
8	Сальвиния	<i>Salvinia natans</i>	Жүзгіш сальвиния
9	Валлиснерия спиральная	<i>Vallisneria spiralis</i>	Спиралді валлиснерия
Құрлықтағы өсімдіктер			
1	Прибрежница луговая	<i>Aeluropus littoralis</i>	Ажырық
2	Полынь однопестичная	<i>Artemisia monogyna</i> Waldst.	Біржапырақты жусан
3	Сусак зонтичный	<i>Butomus umbellatus</i>	Тенге бас/Ақ шоқанан
4	Соляноколосник	<i>Halostachys caspica</i>	Қара барак
5	Селитрянка Шобера	<i>Nitraria schoberi</i>	Актікен
6	Солерос европейский -	<i>Nitraria schoberi</i>	Қызыл сораңғы
7	Тюльпан Шренка*	<i>Tulipa schrenkii</i> Regel.	Шренк қызғалдағы

6.1.2. Жануарлар:

Сүтқоректілер

Судағы сүтқоректілер			
1	Ондатра	<i>Ondatra zibethica</i>	Ондатр
2	Тюлень	<i>Phoca caspica</i>	Каспий ит балығы
Құрлықтағы сүтқоректілер			
1	Кабан	<i>Sus scrofa</i>	Жабайы шошқа
2.	Енотовидная собака	<i>Nyctereutes procyonoides</i>	Жанат тәрізді ит
3	Заяц-русак	<i>Lepus europaeus</i>	Ор қоян
4	Серая крыса	<i>Rattus norvegicus</i>	Сұр егеуқұйрық
5	Барсук	<i>Meles meles</i>	Борсық
6	Лисица	<i>Vulpes vulpes</i>	Түлкі
7	Волк	<i>Canis lupus</i>	Қасқыр

Су құстары

1	Кудрявый пеликан	<i>Pelecanus crispus</i>	Бұйра бірқазан
2	Большой баклан	<i>Phalacrocorax carbo</i>	Үлкен суқұзғын
3	Малый баклан	<i>Phalacrocorax pygmaeus</i>	Кішкене суқұзғын
4	Малая белая цапля	<i>Egretta garzeta</i>	Кішкене аққұтан
5	Египетская цапля	<i>Bubulcus ibis</i>	Сарықұйрық құтан
6	Каравайка	<i>Plegadis falcinellus</i>	Қарабай
7	Лебедь-шипун	<i>Cygnus olor</i>	Сыбырлақ аққу
8	Лебедь-кликун	<i>Cygnus cygnus</i>	Сұңқылдақ аққу
9	Серый гусь	<i>Anser anser</i>	Сұр қаз
10	Кряква	<i>Anas platyrhynchos</i>	Барылдауық үйрек
11	Красноносый нырок	<i>Netta rufina</i>	Қызылбас сүңгуір
12	Чирок-свистунук	<i>Anas crecca</i>	Ысылдақ шүрегей
13	Чирок-трескунок	<i>Anas querquedula</i>	Даурықпа шүрегей
14	Лысуха	<i>Fulica atra</i>	Қасқалдақ

15	Морской голубок	<i>Larus genei</i>	Теңіз кептер шағаласы
16	Черноголовый хохотун	<i>Larus ichthyaetus</i>	Қылаң қарабас шағала
17	Орлан-белохвост	<i>Haliaeetus albicilla</i>	Аққұйрықты субүркіт
Құрлықтағы құстар			
1	Степной орел	<i>Aquila rapax</i>	Дала қыраны
2	Журавль-красавка	<i>Anthropoides virgo</i>	Ақбас тырна
3	Дрофа-красотка	<i>Chlamidotis undulata</i>	Жекдуадақ
4	Стрепет	<i>Otis tetrax</i>	Безгелдек
5	Серый жаворонок	<i>Calandrella rufescens</i>	Сұр бозторғай

Балықтар

1	Севрюга	<i>Acipenser stellatus</i> Pallas	Шокыр
2	Русский осетр	<i>A. Guldenstadtii</i> Brandt	Бекіре
3	Каспийская обыкновенная тюлька (килька)	<i>Clupeonella delicatula</i> (Nordmann)	Каспий тюлькасы
4	Щука обыкновенная	<i>Esox lucius</i> (L.)	Шортан
5	Северо-каспийская вобла	<i>Rutilus rutilus caspicus</i> (Jakowlew)	Солүстік Каспий қаракөзі
6	Жерех	<i>Aspius aspius</i> (L.)	Ақ балық
7	Густера	<i>Blicca bjoercna</i> (L.)	Балпанбалық
8	Лещ восточный	<i>Abramis brama orientalis</i> (Berg)	Табанбалық
9	Белоглазка	<i>A. Sapa</i> (Pallas)	Айнакөз
10	Синец	<i>A. ballerus</i> (Linne)	Көк тыран
11	Чехонь	<i>Pelecus cultratus</i> (L.)	Қылыш балық
12	Золотой карась	<i>Carassius carassius</i> (L.)	Алтын менке
13	Серебряный карась	<i>Carassius auratus gibelio</i> (Bloch.)	Күміс менке
14	Сазан	<i>Cyprinus carpio</i> L.	Сазан
15	Сом обыкновенный	<i>Siluris glanis</i> L.	Кәдімгі жайын
16	Ерш	<i>Acerina cernua</i> (L.)	Таутан
17	Судак обыкновенный	<i>Stizostedion lucioperca</i> (L.)	Кәдімгі көксерке
18	Окунь обыкновенный	<i>Perca fluviatilis</i> L.	Кәдімгі алабұға

6.1.3. Жануарлардың индикаторлық түрлерінің саны паспортқа 2-қосымшада келтіріледі.

6.2. Атырау МТҚ аумағында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілері: «Ақжайық» МТҚ аумағында тарихи-мәдени мұра объектілері жоқ.

7. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың функционалдық аймақтары және олардың күзет режимінің түрлері, жер учаскелерінің аралас меншік иелері мен жер пайдаланушылар, күзет аймағындағы табиғат пайдалану жөніндегі олардың міндеттемелері мен ауыртпалықтары туралы мәліметтер:

7.1 Функционалдық аймақтары бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтың күзет режимдері:

р/с N	Функционалдық аймақтың атауы	Алаңы, га	Күзет режимі
1	Ядро аймағы	36077	қорық
2	Буферлік аймақ	75423	Шаруашылық қызметтің реттелетін режимі
	Барлығы	111500	

7.2 ЕҚТА-да және оның күзет аймағында орналасқан жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар, олардың табиғат пайдалану жөніндегі міндеттемелері мен ауыртпалықтары туралы мәліметтер:

№	Занды немесе жеке тұлғаның атауы	Алаңы га	Жер санаты	Ауыртпалықтар мен міндеттемелер
1	2	3	4	5
Махамбет ауданы				
1	«Первомайский» ЖШС	1420	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	Қорғау аймағының жері жер пайдаланушылар мен жер учаскесі иелерінен алынып қойылмай белгіленді
2	Жер қоры	12664		
	Барлығы:	14084		
Атырау қаласы				
1	«Амангелді» ӨК.	1702	-/-	-/-
2	«Қызыл-балық» ӨК	802	-/-	-/-
3	«Құрманғазы» ӨК.	160	-/-	-/-
4	«Еркін-Қала» ӨК	4370	-/-	-/-
5	«Жамбыл» ӨК	6985	-/-	-/-
6	«Алғабас» ӨК	547		
7	«Аманат-Арал» ӨК	696	-/-	-/-
	Барлығы:	15262		
	Жердің барлығы	29346		

8. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қызметтің рұқсат етілген және тыйым салынған түрлері, сондай-ақ жекелеген қызмет түрлеріне қойылған шектеулер:

Қорық режимінің аймағында рұқсат етіледі:

Ғылыми зерттеу және табиғи ортаның жағдайының мониторингісі, Табиғат шежіресін жүргізуді қоса алғанда, экологиялық ағарту мақсатындағы шаралар жүргізіледі.

Қорық режимінің аймағында тыйым салынады:

- 1) аумақтың гидрологиялық режимін өзгертетін іс-әрекеттерге;
- 2) МҰТП қызметімен байланысты емес үй-жайлар (құрылыстар және ғимараттар), жолдар, құбырлар, электр желілерін және басқа да коммуникациялар мен объектілер салуға;
- 3) геологиялық-барлау жұмыстарына және пайдалы қазбалар өндіруге;

4) топырақ қабатын бүлдіруге, минералдар шығымын бұзуға және тау жыныстарын жалаңаштауға;

5) санитарлық мақсатта ағаш кесуді және күтім жасау мақсатында ағаш кесуді қоса алғанда, орман пайдаланудың барлық түрлеріне, тағамдық, дәрі-дәрмектік және техникалық өсімдіктер, гүлдер, тұқымдар дайындауға, шөп шабуға, мал жаюға және өсімдіктер қабатының бұзылуына әкеп соғатын өсімдіктер дүниесін пайдаланудың басқа да түрлеріне;

6) мемлекеттік табиғи қорықтың күзет аймағында тұратын жергілікті халықтың мұқтажы үшін арнайы бөлінген учаскелерде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен рұқсат етілетін, әуесқойлық балық аулауды қоспағанда, аң аулау мен балық аулауға;

7) жануарларды аулауға және жойып жіберуге, олардың мекендеу ортасы мен жағдайларын бұзуға;

8) жануарлар мен өсімдіктердің жаңа түрлерін жерсіндіруге, жануарлардың жекелеген түрлері санын жерлердің табиғи сыйымдылығы бойынша жол берілетін мөлшерден артық көбейтуге;

9) мемлекеттік табиғи қорықтың коллекцияларын қалыптастыруды қоспағанда, коллекциялық материалдар жинауға;

10) зиянкестерге, өсімдіктер мен жануарлардың ауруларына қарсы, сондай-ақ жануарлар санын реттеу үшін химиялық және биологиялық күрес әдістерін қолдануға;

11) үй жануарларын айдап өтуге;

12) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілеген нормадан асып түсетін жасанды жолмен жасалатын ушуға және өзге де дыбыстық әсерлерге;

13) егер қызмет қорғалатын ландшафтардың табиғи көрінісін өзгертуге немесе экологиялық жүйелердің орнықтылығын бұзуға әкеп соғуы мүмкін болса, не ерекше құнды табиғи ресурстарды сақтауға және молықтыруға қатер төндірсе.

Шектеулі шаруашылық қызмет аймағы- мемлекеттік табиғи резерваттың буферлік режим аймағында

Мемлекеттік табиғи резерваттың буферлік аймақ шегінде қорық режимі аймағының экологиялық жүйелеріне кері әсер етпейтіндей шектеулі, реттелмелі шаруашылық түрлерінің әртүрлі нысандарын іске асыруға болады:

1) ғылыми зерттеулер және оқу және мамандар дайындау орталықтарын ұйымдастыру;

2) қоршаған ортаның мониторингісі және экологиялық жүйелердің өзгерістерін бақылау;

3) орман шаруашылығын жүргізу, өрттен қорғану шаралары және орманды қорғау;

4) мал жайылымы және шөп шабуды қоса алғанда, биологиялық саналуандықты ұзақ мерзімді сақтау мен оның беріктігін қамтамасыз ету шеңберіндегі дәстүрлі жер пайдалану;

5) Табиғи экологиялық жүйелерді, биологиялық және ландшафтық әртүрлілігін қалпына келтіруге кеңейтілген шаралар жүргізу;

6) Жеке адамдардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға кіру туралы ережесімен бекітілген, рекреациялық ауыртпалықтарға сәйкес бақылаулы және реттелмелі рекреациялық пайдалану, туризм;

7) минералды суларды, жер астының жылы суларын және климаттық ресурстарды пайдалану;

8) экологиялық ағарту, оқыту бағдарламаларын жүргізу, демонстрациялық учаскелерді ұйымдастыру және табиғатты экологиялық үнемді пайдалану менеджменті.

Мемлекеттік табиғи резерваттың буферлік аймағында қорық аймағы экологиялық жүйесінің жағдайына кері әсер ететіндей әрекеттерге рұқсат етілмейді, жекелей алғанда:

1) жаңа елді мекендер құруға ;

2) өнеркәсіптік объектілерді орналастыруға және пайдалануға;

3) өндірістік объектілерді салуға және пайдалануға;

4) геологиялық зерттеу және пайдалы қазбаларды іздеу жұмыстарын жүргізуге ;

- 5) басты мақсаттағы ағаш кесу жұмыстарын жүргізуге;
- 6) өсімдіктер мен жануарлардың жаңа түрлерін жерсіндіруге;
- 7) қорық және бұферлік аймақтарда гидрологиялық режимді өзгертетіндей іс әрекеттерге;
- 8) мемлекеттік табиғи резерваттың қорық аймағының экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін басқа да әрекеттерге.

Мемлекеттік табиғи резерваттарда экологиялық ағарту жұмыстары, ғылыми, туристік және рекреациялық қызметтер ҚР «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңымен бекітілген ретпен жүргізіледі (41, 42 және 46 баптары).

9. «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватында болу ережесі, оның жұмыс режимі және рекреациялық жүктемесі

Жеке тұлғалардың «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватында болу ережесі

МТР аумағында жеке тұлғаларға шектеулі шаруашылық қызмет, туристік және рекреациялық қызмет аймағында мыналарға **жол беріледі:**

1) жалпы жұрт пайдаланатын жолдармен және экскурсиялық маршруттардың арнайы жолдарымен механикаландырылған көлікпен және сап атпен жүру, қорықтық күзет режимі бар учаскеден басқа, арнайы жабдықталған орындарда аялдау;

2) белгіленген туристік маршруттармен және сокпақтармен табиғат қорғау мекемесінің әкімшілігімен алдын-ала келісілген, ЕҚТА экскурсия ұйымдастырушыларының немесе инспектор-гидтерінің бастап жүруімен ұйымдасқан экскурсиялар мен туристік жорықтар өткізу;

3) Каспий теңізі акваториясын қорғау шаралары үшін, сонымен қатар балық аулау маусымы компаниясын өткізу және балықтардың тұншығу қаупі шараларына байланысты кеме иелерінің кіші мөлшерлі кемелерімен рұқсат құжаттары болған жағдайда төмендегі су айдындарымен жүзіп өтуге:

Приморский каналы, Зарослый каналы, Золотой колтығының оң жағалауындағы төртінші, бесінші және алтыншы еріктері.

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және МТР рекреациялық қызметінің ережелерімен белгіленген тәртіппен белгіленген орындарда, әуесқойлық (спорттық) балық аулау;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен арнайы бөлінген орындарда, әуесқойлықпен дәрі-дәрмектік шөптерді жинау, шөп шабу, қамыс дайындау және дәстүрлі табиғат пайдаланудың басқа да түрлері;

6) табиғат қорғау мекемесінің әкімшілігімен келісім бойынша спорттық және экологиялық-ағарту іс-шараларын, туристік слеттер өткізу;

7) кәсіби және әуесқойлық фото-бейнетүсірімдер жүргізу;

8) оқу практикаларын өткізу;

9) қорықтық күзет режимі бар учаскелерден басқа жерлерде оқу мақсаттары үшін гербарий жинау, топырақ үлгілерін іріктеу;

10) ерекше қорғалатын табиғи аумақтың паспортында көзделген өзге де қызметтер.

Табиғат қорғау мекемесінің аумағында жол берілмейді:

1) ЕҚТА-ны пайдалану үшін ақы төлегені туралы растайтын құжаттарсыз ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда болуға;

2) жалпы жұрт пайдаланатын жолдардан немесе арнайы экскурсиялық сокпақтар мен туристік маршруттардан тыс жерлерге келіп кіруге және олар арқылы жүріп өтуге;

3) белгіленген орындардан тыс жерлерге автокөлік және басқа да механикалық құралдар қоюға;

4) автокөлікті және басқа да механикалық құралдарды су айдындары жағалауына қоюға және жууға, ыдыс-аяқ жууға, кір жууға, үй жануарларын шомылдыруға;

5) арнайы уәкілетті органмен және МТР әкімшілігімен кемеде жүзу режимі келісілмей су айдындарында моторлы яхталардың, катерлердің, моторлы қайықтардың, скутерлердің, квадроциклдердің болуына;

6) арнайы белгіленген және жабдықталған орындардан тыс жерлерде тағам әзірлеу үшін от жағуға, мангал, ошақ орнатуға;

7) осы мақсаттар үшін белгіленген орындардан тыс жерлерде аялдау орындарын жабдықтауға, шатырлар құруға;

8) спорттық-эуекской балық аулау үшін тыйым салынған құрал-жабдықтармен балық аулауға, сондай-ақ балық аулаудың Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген нормаларынан артық аулауға;

9) арнайы рұқсатсыз жабайы жануарларды алып қоюға;

10) жабайы жануарларды үркітуге және коректендіруге;

11) ұяларды, індерді, апандарды және құмырсқа илеулерін бүлдіруге;

12) ағаштар мен бұталарды кесуге, сындыруға және оларға зақым келтіруге, тұрмыстық қажеттілік үшін сыпыртқылар мен сыпырғыштарға шыбықтар дайындауға;

13) табиғат, тарих, мәдениет және археология ескерткіштерін қиратуға және бүлдіруге;

14) рұқсат етілген жинау орындарынан тыс жерлерде жабайы өсетін ағаш, бұтақ, шөп өсімдіктерін және дәрі-дәрмектік шикізат жинауға және қазып алуға;

15) көрнекі үгіт құралдарын (стенділер, паннолар, аншлагтар және басқалар), орман орналастыру, орман шаруашылығы және жерге орналастыру белгілерін қиратуға және бүлдіруге;

16) құрылыстарға, ағаштарға жазулар жазуға және суреттер салуға;

17) өз бетімен мал жаюға, шөп шабуға, сүрек дайындауға және басқа да заңсыз орман пайдалануға;

18) топырақ қабатын тұрмыстық қоқыспен және қалдықпен ластауға;

19) қоршаған ортаға Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген нормалардан асатын шу шығаратын және басқа да акустикалық әсерлерді қолдануға;

20) мемлекеттік табиғи-қорық қоры мен табиғи кешендер объектілерінің табиғи дамуын және сақталуын бұзатын өзге әрекеттерге.

Келушіде нысаны Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес белгіленген ЕҚТА-ны ғылыми, экологиялық-ағарту, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдалану үшін ақы төлегені туралы құжаттың болуы табиғат қорғау мекемесінде келуге негіз болып табылады.

ЕҚТА-ны пайдалану үшін ақы төлегенін растайтын құжат келушінің болу мерзімінің соңына дейін сақталуы тиіс.

9.2. «Ақжайық» мемлекеттік табиғат резерватының жұмыс режимі және рекреациялық жүктемесі

Туристердің ұзақ уақыт болу учаскесінде қонақ үйлер орналастырылады. Оларда демалатын туристер түнде ұйықтайтын орындармен қамтамасыз етілген мемлекеттік резерваттың әлеуетті ұйымдастырылған туристері болып табылады. Қонақ үйлерде демалатын туристердің парктің күзет аймағының режимін бұзғаны үшін жауаптылықты туристердің өздері көтереді.

Резерваттың бір күндік немесе 2-3 күндік маршруттарындағы туристер тобы ұйымдастырылған туристер болып табылады, мемлекеттік резерват мамандары – жолсерік инспекторлары немесе гидтер-экскурсия ұйымдастырушылар олармен ілесе жүріп, болу кезеңі ішінде өз тобының резерват аумағының күзет режимін сақтауына жауапты болады.

Шатырлы лагерьлер үшін жабдықталған алаңдардағы туристер мен демалушылар резерваттың ұйымдастырылған туристері болып табылады. Шатырлы лагерьлер, кемпингтер, қонақ үйлер мемлекеттік резерватпен жасалған бірлескен қызмет туралы шарт негізінде

жұмыс істейді. Күзет режимі мен жеке тұлғалардың ЕҚТА-да болу ережесінің орындалуына жауаптылық осы лагерьлердің, кемпингтер мен қонақ үйлердің басшыларына жүктеледі.

Қысқа уақыт болу учаскелерінің келушілері мемлекеттік резерват жабдықтаған демалыс алаңдарында орналастырылады. Бұлар ұйымдастырылмаған туристер, олардың күзет режимін және мемлекеттік резерватта болу ережесін орындауын күндізгі уақытта резерват аумағын күзететін мемлекеттік инспектор бақылайды. Демалыс алаңында қызметтер көрсетуді күндізгі уақытта резерват қызметкерлері жүзеге асырады.

«Ақжайық» МТР бұйрығымен табиғи кешендерді және инфрақұрылым объектілерін туристік-рекреациялық мақсаттарда бір мезгілде қатаң реттелмелі пайдалана отырып, сақтау мақсатында қысқа мерзімді демалыс орындарында сағат 8.00-ден 21.00-ге дейін келушілердің болуының күндізгі режимі енгізіледі.

Паспортты мемлекеттік табиғи резерваты әзірледі.

«Ақжайық» МТР
директоры

Р. Елемесов



Паспортты әзірлеген күн:

« 2011 ЖЫЛ

**«Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты мемлекеттік табиғи-қорық қоры
обектілерінің тізбесі**

p/c	Мемлекеттік табиғи-қорық қоры обектілерінің атауы	саны
1	2	3
1.	Өсімдік түрлерінің болуы - барлығы	229
	оның ішінде сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері:	5
1.	<i>Tropa kasachstanica</i> V.Vassil. Қазақстан жаңғағы, су жаңғағы	
2.	<i>Tulipa schrenkii</i> Regel. Шренка қызғалдағы	
3.	<i>Salvinia natans</i> (L.) All. жүзгіш шыбынсалы	
4.	<i>Vallisneria spiralis</i> L. Спиралді валиснерия	
5.	<i>Urticularia vulgaris</i> L. Кәдімгі дүңгіршекшөп	
2.	Балық түрлерінің болуы - барлығы	79
	оның ішінде сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері:	5
6.	<i>Caspiomyzon wagneri</i> – Каспий тілтісі	
7.	<i>Acipenser ruthenus</i> – Сүйрік	
8.	<i>Salmo trutta caspius</i> - Каспий албырты (қумжа)	
9.	<i>Alosa kessleri volgensis</i> - Волга көп аталықты майшабағы	
10.	<i>Stenodus leucichthys leucichthys</i> - Ақбалық	
3.	Құстар түрлерінің болуы - барлығы	292
	оның ішінде сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері:	43
1.	<i>Pelecanus onocrotalus</i> - Қызғылт бірқазан	
2.	<i>Pelecanus crispus</i> – Бұйра бірқазан	
3.	<i>Phalacrocorax pygmeus</i> – Кішкене суқұзғын	
4.	<i>Ardeola ralloides</i> - Сарықұтан	
5.	<i>Bubulcus ibis</i> - Египет құтаны	
6.	<i>Egretta garzetta</i> - Кішкене аққұтан	
7.	<i>Platalea leucorodia</i> - Жалбағай	
8.	<i>Plegadis falcinellus</i> - Қарабай	
9.	<i>Ciconia nigra</i> - Қара дегелек	
10.	<i>Phoenicopterus roseus</i> - Қоқиқаз	
11.	<i>Rufibrenta ruficollis</i> - Қызылжемсаулы қарашақаз	
12.	<i>Cygnus cygnus</i> - Сұңқылдақ аққу	
13.	<i>Cygnus bewickii</i> - Кіші аққу	
14.	<i>Anas angustirostris</i> - Мәрмәр шүрегей	
15.	<i>Aythya nyroca</i> - Алакөз қаралаүйрек	
16.	<i>Oxyura leucocerphala</i> - Ақбас үйрек	
17.	<i>Anser erythropus</i> – шикылдақ қаз	
18.	<i>Haliaeetus albicilla</i> - Аққұйрықты субүркіт	
19.	<i>Grus leucogeranus</i> - Ақтырна	
20.	<i>Grus grus</i> - Тазтырна	

21.	<i>Anthropoides virgo</i> - Ақбас тырна	
22.	<i>Porphyrio porphyrio</i> - Көңмаңдай	
23.	<i>Otis tarda</i> - Дуадақ	
24.	<i>Larus ichthyaetus</i> - Қарабас өгіз шағала	
25.	<i>Pterooles orientalis</i> - Қарабауыр бұлдырық	
26.	<i>Bubo bubo</i> - Үкі	
27.	<i>Chlamidotis undulata</i> - әдемі дуадақ	
28.	<i>Pandion haliaetus</i> - Балықшы түйғын	
29.	<i>Circus macrourus</i> - құладын	
30.	<i>Circaetus gallicus</i> - Жыланшы қыран, бүркіт	
31.	<i>Hieraetus pennatus</i> - Бақалтақ қыран	
32.	<i>Aquila heliaca</i> - Қаракүс	
33.	<i>Aquila chrysaetos</i> - Бүркіт	
34.	<i>Aquila rapax</i> - Дала қыраны	
35.	<i>Otis tetrax</i> - Безгелдек	
36.	<i>Numenius tenuirostris</i> - Сүйір тұмсықты шалшықшы құс	
37.	<i>Syrhaptus paradoxus</i> - Ұбақ, колантөс	
38.	<i>Crex crex</i> - Коростель	
39.	<i>Aquila clanga</i> - Шаңқылдақ қыран	
40.	<i>Neophron percnopterus</i> - Жұртшы	
41.	<i>Pterocles alchata</i> - Ақбауыр бұлдырық	
42.	<i>Vanellus gregarius</i> - Тарғақ	
43.	<i>Ciconia nigra</i> - Қара дегелек	
4.	Сүтқоректілер түрлерінің болуы - барлығы	48
	оның ішінде сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері:	5
1.	<i>Saiga tatarica</i> . – бөкен	
2.	<i>Eptesicus bobrinski</i> – Бобринский жарқанаты	
3.	<i>Vormela peregusna</i> Шұбар күзені	
4.	<i>Mustela lutreola</i> Еуропа күзені	
5.	<i>Desmana moshata</i> орыс жұпар тышқан	
5.	Жәндік түрлерінің болуы - барлығы	5000
	оның ішінде сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері:	26
1.	<i>Ischnura aralensis</i> Naritonov – Арал жінішке құйрықты инелігі	
2.	<i>Calopteryx virgo</i> L.- Әдеміқыз инелік	
3.	<i>Anax imperator</i> Leach- Әмірші инелік	
4.	<i>Bolivaria brachyptera</i> Pall.- Қысқа канатты, Боливария дәуіті	
5.	<i>Saga pedo</i> Pall- Дала шегірткесі	
6.	<i>Onconotus servillei</i> F.d.W.- Сервилль Севчугі	
7.	<i>Ceraeocercus fuscipennis</i> Uvarov- Қоңыр канатты шегіртке	
8.	<i>Porphyrophora polonica</i> L.-поляк боямығы	
9.	<i>Callisthenes reticulatus</i> F. – Тор канатты барылдауық қоңыз	
10.	<i>Lucanus cervus</i> L.- Бұғы қоңыз	
11.	<i>Dorcus parallelipedus</i> L.- Балауса бұғы қоңыз	
12.	<i>Saga pedo</i> Pall- Дала шегірткесі	
13.	<i>Bolboceras armiger</i> Scop- Жылжымалы мүйізді қоңыз	
14.	<i>Cnemisus rufescens</i> Motsch- Еуропа кнемизус қоңызы	
15.	<i>Haplosoma ordinatum</i> Sem.- Кәдімгі гапозома қоңызы	
16.	<i>Onconotus servillei</i> F.d.W- Сервилль Севчугі	
17.	<i>Chilocorus bipustulatus</i> L- Қос нүктелі қанқызы	

18.	<i>Stethorus punctillum</i> Weise*- Нүктелі қанқызы	
19.	<i>Scolia maculata</i> Drury- Алып сколия	
20.	<i>Scolia hirta</i> Schrenk- Дала сколиясы	
21.	<i>Hoplitis fulva</i> Eversm- Жирен гоплит	
22.	<i>Zerynthia polyxena</i> Denis et – Schiffermuller- поликсена	
23.	<i>Microzebris pyrothoe</i> Eversm- Алау түсті микрозегрис	
24.º	<i>Aricia chinensis myrmecias</i> Christoph- Мирмекида көгілдір көбелегі	
25.	<i>Scolitantides bavius</i> Eversm – Бавия көгілдір көбелегі	
26.	<i>Philotes panope</i> Eversm- Панопа көгілдір көбелегі	
6.	Бауырмен жорғалаушылар түрлерінің болуы- барлығы	12
	оның ішінде сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері:	2
1.	<i>Coluber caspius</i> - Large whip snake- Сарықұрсақ абжылан	
2.	<i>Elaphe quatuorlineata</i> - Төрт жолақты абжылан	

«Ақжайық» МТР
паспортына
2- қосымша .

**«Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты
жануарларының индикаторлық түрлерінің 2011ж.01.01.
саны**

Жануар атауы	Саны	
	Оңтайлы	Нақты
Құстар		
Бұйра бірқазан	900	822
Үлкен	6000	5003
Сыбырлақ аққу	3000	2738
Кіші суқұзғын	9000	2669
Кішкене аққутан	400	339
Египет құтаны	15	2
Қарабай	400	329
Сұңқылдақ аққу	150	131
Қарабас өгіз шағала	13000	12119
Аққұйрықты субүркіт	100	97
Сұр қаз	2000	1130
Барылдауық	12000	11480
Көк сүңгуір	2000	1112
Ысылдақ шүрегей	5000	4947
Даурықпа шүрегей	400	3367
Қасқалдақ	10000	9570
Теңіз кептер шағаласы	200	126
Сүтқоректілер		
Бөкен		0
Жабайы шошқа	150	146
Жанат тәрізді ит	200	189
Ор қоян	350	300
Түлкі	50	50
Борсық	25	15
Қасқыр	30	35
Ондатр	10000	45000
Итбалық	100	30

Утвержден
 приказом Комитета
 лесного и охотничьего хозяйства
 Министерства сельского хозяйства
 Республики Казахстан
 от « 14 » августа 2011 года
 № 238

Зарегистрирован
 приказом Комитета
 лесного и охотничьего хозяйства
 Министерства сельского хозяйства Республики
 Казахстан
 от « 17 » августа 2011 года
 № 238
 ДРР-04
 (регистрационный номер ООПТ)



2011 год

1. Наименование особо охраняемой природной территории, ее вид и категория.
Государственный природный резерват «Ақжайық» республиканского значения.

2. Название, номер и дата принятия акта государственного органа, которым создана или расширена особо охраняемая природная территория.

Постановление Правительства РК № 119 от 6 февраля 2009г. « О некоторых вопросах создания государственного учреждения «Государственный природный резерват «Ақжайық».

Постановление Правительства РК № 763 от 29 июля 2010г. «О внесении изменений в постановление Правительства РК от 6 февраля 2009 года №119 и от 10 ноября 2006 года № 1074

3. Наименование государственного органа, в ведении которого находится особо охраняемая природная территория.

Комитет лесного и охотничьего хозяйства Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан

4. Наименование организации, на которую возложена охрана особо охраняемой природной территории, не имеющей статуса юридического лица - нет

5. Местонахождение особо охраняемой природной территории с картой-схемой с определением туристкой инфраструктуры, географическими координатами, описанием границ, площадью ее территории и охранной зоны:

5.1. Местонахождение особо охраняемой природной территории.

Государственный природный резерват «Ақжайық» расположен на территории г. Атырау и Махамбетского района Атырауской области.

